

"Бес Қара" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құс фабрикасының (фермасы) санитарлық-қорғау аймағын белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 290 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасы Кодексінің 121-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бес Қара" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құс фабрикасының (фермасы) санитарлық-қорғау аймағы осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Сарыағаш ауданының жер қатынастары бөліміне (Б.Ауезов) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдау тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары Н.Талиповқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Абдуллаев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
"25" тамыздағы 2025 жылғы
№290 қаулысына 1-қосымша

"Бес Қара" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құс фабрикасының (фермасы) санитарлық-қорғау аймағын белгілеу туралы

№	Атауы, орналасқан жері	Жер пайдаланушы	Санитарлық-қорғау аймағы	
			Объектінің көлемі (гектар)	Шекаралары
1	2	3	4	5
1.	Құс фабрикасы (фермасы), мекенжайы: Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі (кадастрлық нөмірлер 19-296-059-1755, 19-296-059-1756, 19-296-059-1757, 19-296-059-1680)	"Бес Қара" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15,0 га	Құс фабрикасы (фермасы) шекарасынан 1000 (мың) метр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК